

**"Ішкі сауда субъектілеріне жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шараларын көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2024 жылғы 21 маусымдағы № 262-НҚ бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің м.а. 2026 жылғы 3 сәуірдегі № 159-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 6 сәуірде № 38327 болып тіркелді

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз.**

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Ішкі сауда субъектілеріне жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шараларын көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2024 жылғы 21 маусымдағы № 262-НҚ бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 34543 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

аталған бұйрықпен бекітілген Ішкі сауда субъектілеріне жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шараларын көрсету қағидаларында:

2-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) айналым қаражатын толықтыру – ішкі сауда субъектісі кредитінің оның мәлімделген қызметімен байланысты және Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2025 жылғы 27 тамыздағы № 327 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 36717 болып тіркелген) Қазақстандық тауар өндірушілер тізілімін жүргізу қағидаларына (бұдан әрі – Тізілімді жүргізу қағидалары) сәйкес Қазақстандық тауар өндірушілер тізіліміне енгізілген қазақстандық тауар өндірушілерден тауарларды, шикізат пен материалдарды сатып алуға бағытталатын нысаналы мақсаты;"

2) тармақша алынып тасталсын;

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) банк – "Қазақстан Республикасындағы банктер және банктік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес банктік лицензия негізінде банктік қызметті жүзеге асыруға құқылы, акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, коммерциялық ұйым болып табылатын заңды тұлға;"

мынадай мазмұндағы 5-1) және 5-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"5-1) бірінші деңгейдегі жүйе – қаржы агенттігінің жүйесімен интеграцияланған тіркеу жүйесі, онда жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шарасын алушылардың өтінімдерінің эталондық электрондық тізілімі қамтылады және түпкілікті постформаттық-логикалық бақылау арқылы жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шарасын алушының Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 93-1-бабы 4-тармағының екінші бөлігінің 1) тармақшасына сәйкес жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шараларын және олардың алушыларын мониторингтеу қағидалары шеңберінде бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын базалық талаптарға сәйкестігі айқындалады;

5-2) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган – бюджетті атқару, республикалық бюджеттің, сондай-ақ өз құзыреті шегінде жергілікті бюджеттердің, бюджеттен тыс қорлардың атқарылуы бойынша бухгалтерлік есепті, бюджеттік есепті және бюджеттік есептілікті жүргізу саласында басшылықты және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шектерде салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;"

б) тармақша алынып тасталсын;

14) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"14) кепілдік шарты – қаржы агенттігі, банк және ішкі сауда субъектісі арасында кепілдік беру туралы жасалған үш жақты жазбаша келісім;"

мынадай мазмұндағы 18-1) тармақшамен толықтырылсын:

"18-1) жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шараларын көрсетуге арналған қаржы агенттігінің жүйесі (бұдан әрі – қаржы агенттігінің жүйесі) – жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шараларын алушылардан (бұдан әрі – ішкі сауда субъектісі) өтінімдерді қабылдау, оларды форматтық-логикалық бақылауды қолдана отырып өңдеу және өңделген өтінімдерді бірінші деңгейдегі жүйеге беру жүзеге асырылатын екінші деңгейдегі мемлекеттік емес цифрлық жүйе.;"

20) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"20) қаржы институттары – банктік операцияларды жүзеге асыру құқығына тиісті лицензиясы бар банктер;"

26) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"26) сауда инфрақұрылымы – көтерме және бөлшек сауданы ұйымдастыруға, сондай-ақ тауарларды өткізу мен қызметтерді көрсету үшін қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған сауда объектілерінің, жеткізу жүйелерінің, цифрлық және технологиялық шешімдердің жиынтығы;"

34) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"34) экономикалық тұрғыдан орынсыздық – жоспарланатын жобадан тиімділіктің болмауы, оның ішінде салықтарды ұлғайту өлшемшарттарының орындалмауы, жоба мақсатының ЭҚЖЖ мәлімделгенге сәйкес келмеуі және осы Қағидаларға сәйкес өзге де талаптар;"

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Субсидиялау/кепілдік беру ішкі сауда субъектілерінің банктер берген кредиттері бойынша жүзеге асырылады.";

11-тармақта:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) жеке кәсіпкерлік субъектісі ретінде қызметін тоқтатқан немесе тоқтата тұрған ішкі сауда субъектілері";

мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) оларға қатысты бірінші деңгейдегі жүйе базалық талаптарға сәйкес еместігін анықтаған ішкі сауда субъектілері.";

14-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қаржы агенттігі шешім қабылдаған күннен бастап 2 (екі) қаржы жылынан кейін төленетін салықтарды (корпоративтік табыс салығы/жеке табыс салығы) міндетті түрде 15% -ға ұлғайтуды көздейтін жобалар жобалар деп түсініледі.";

15-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) сауда қызметіндегі сауда орталықтарын, сауда базарларын, сауда объектілерін және көп функционалды кешендерді салу, кеңейту/реконструкциялау/жаңғырту, сондай-ақ сатып алу кезінде сауда қызметіне пайдаланылатын жылжымайтын мүлік объектілерін қоспағанда, сауда қызметін ұйымдастыру үшін жылжымайтын мүлік объектісін сатып алу";

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Ішкі сауда субъектілерінің жобалары облыстық маңызы бар қалаларда экономикалық қызметтің мынадай түрлеріне сәйкес:

ЭҚЖЖ 46.90.3 "Көтерме-азық-түлік орталықтарын қоса алғанда, сауда алаңы 2000 шаршы метрден астам (2000 шаршы метр және одан жоғары) сауда объектілерінде қандай да бір нақтылаусыз тауарлардың кең ассортиментін көтерме саудада сату";

ЭҚЖЖ 47.11 "Мамандандырылмаған дүкендерде көбінесе тамақ өнімдерін, сусындармен және темекі өнімдерін бөлшек сауда сату";

ЭҚЖЖ 47.19 "Мамандандырылған емес дүкендердегі өзге де бөлшек сауда";

ЭҚЖЖ 47.91.0 "Тауарларға пошта арқылы немесе Интернет желісі арқылы тапсырыс беру жолымен бөлшек сауда";

ЭҚЖЖ 68.20.3 "Меншікті немесе жалға алынған сауда нарығын жалдау (қосалқы жалдау) және басқару";

ЭҚЖЖ 68.20.4 "Сауда қызметіндегі меншікті сауда жылжымайтын мүлігін және көп функционалды кешендерді жалға алу және басқару", сауда-ойын-сауық орталықтарын қоспағанда";

ЭҚЖЖ 68.20.5 "Сауда-ойын-сауық орталықтарын қоспағанда, жалға алынған сауда жылжымайтын мүлігін және жалға алынған көп функционалды кешендерді жалға алу (қосалқы жалға алу) және басқару.

Сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау елді мекендерде, оның ішінде моно- және шағын қалаларда, ауылдық елді мекендерде жобаларды іске асыруға бағытталған кредиттер бойынша экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші шеңберінде жүзеге асырылады:

ЭҚЖЖ 46 "Автомобильдер мен мотоциклдер саудасын қоспағанда, көтерме сауда";

ЭҚЖЖ 47 "Автомобильдер мен мотоциклдерді сатудан басқа бөлшек сауда";

ЭҚЖЖ 68.20.3 "Меншікті немесе жалға алынған сауда нарығын жалдау (қосалқы жалдау) және басқару";

ЭҚЖЖ 68.20.4 "Сауда-ойын-сауық орталықтарын қоспағанда, сауда қызметіндегі меншікті сауда жылжымайтын мүлігін және көп функционалды кешендерді жалға алу және басқару;

ЭҚЖЖ 68.20.5 "Сауда-ойын-сауық орталықтарын қоспағанда, жалға алынған сауда жылжымайтын мүлігін және жалға алынған көп функционалды кешендерді жалға алу (қосалқы жалдау) және басқару.

Субсидиялау құралы бойынша қаржы агенттігінің мақұлдауын алған ішкі сауда субъектілері үшін міндетті шарттар:

сауда алаңында және (немесе) сөрелік кеңістікте өткізу үшін жалпы сауда алаңының және (немесе) сөрелік кеңістіктің кемінде 30%-ын "Қазақстанда жасалған" ҚР СТ 3836 "Қазақстанда жасалған" таңбалау белгісі" Қазақстан Республикасының ұлттық стандарттарының талаптарына сәйкес "Қазақстанда жасалған" деген таңбасы бар отандық өндірістің азық-түлік емес тауарларын орналастыруды қамтамасыз ету. "Техникалық талаптар" және ҚР СТ 3837 "Қазақстанда жасалған" Таңбалау белгісін қолдану тәртібі". Жалпы ережелер";

қазақстандық тектегі азық-түлік және азық-түлік емес тауарларды орналастыру үшін алаң және (немесе) сөре кеңістігін бөлу қазақстандық өндірушінің немесе қазақстандық тектегі тауарларды өткізетін ішкі сауда субъектісінің өтінімі бойынша жүзеге асырылады.

Өтінімдер болмаған жағдайда, сауда желісін немесе ірі сауда объектілерін ұйымдастыру арқылы тауарларды сату жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ішкі сауда субъектілері сөре кеңістігін отандық өндіріс өнімімен басым түрде толтыруды қамтамасыз ету мақсатында, "Өнеркәсіптік саясат туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабының 41-2) тармақшасына сәйкес қазақстандық тауар өндірушілер тізілімін жүргізетін өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру саласындағы уәкілетті органға сұрау салу жіберуге және Тізілімді жүргізу қағидаларына сәйкес өтінімдер жіберуге міндетті.

Қазақстандық тектегі тауарларды өндірушілер немесе өнім берушілер тарапынан өтінімдер болмаған немесе саны жеткіліксіз болған жағдайда, қалған сауда алаңы және (немесе) сөре кеңістігі басқа тауарларды сату үшін пайдаланылады;

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 264 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11148) бекітілген Ішкі сауда қағидаларының (бұдан әрі – Ішкі сауда қағидалары) 49-тармағының 3) тармақшасында көзделген талапқа сәйкес Қазақстан Республикасының СТ 3836 "Қазақстанда жасалған". Техникалық талаптар" Таңба белгісі" ұлттық стандарттарының және ҚР СТ 3837 "Қазақстанда жасалған" белгісін қолдану тәртібінің талаптарына сәйкес "Қазақстанда жасалған" таңбасы бар отандық өндірілген тамақ өнімдерін сауда алаңында және (немесе) жалпы сауда алаңының және (немесе) сөре кеңістігінің кемінде жиырма пайызын құрайтын сауда алаңында және (немесе) сөре кеңістігінде өткізу үшін қосымша орналастыруды қамтамасыз ету";

Тізілімді жүргізу қағидаларына сәйкес Қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінде тұрған, тіркелу мерзімі 3 (үш) жылдан аспайтын кәсіпкерлік субъектілерінің тауарларын жазбаша өтінім бойынша 3 айдан бастап және одан жоғары кезеңге жеңілдікті шарттармен сауда алаңында және (немесе) сөре кеңістігінде өткізу үшін орналастыруды қамтамасыз ету;

объект аумағында азық-түлік тауарларын, оның ішінде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын өткізу;

ҚР СТ 3833 "Тауарлар мен қызметтерді сәйкестендіру және оларды кодификациялау тәртібі. Негізгі ережелер";

сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау шарты жасалғаннан кейін бір жыл ішінде сауда орындарын жалға алу құнын көтеруге шектеу қою (сауда алаңын жалға берушілер үшін).

Осы көлемде отандық өндірістің азық-түлік және азық-түлік емес тауарлары болмаған жағдайда қалған орындар және (немесе) сөрелік кеңістік ішкі сауда субъектісінің қалауы бойынша басқа тауарлармен толтырылады.

Сөре кеңістігінің үлесі Ішкі сауда қағидаларының 51-тармағында көзделген формула бойынша айқындалады.

Электрондық сауда саласындағы электрондық сауда алаңдары үшін міндетті шарттар:

"Қазақстанда жасалған" таңбалау белгісін қолдану тәртібі бойынша ҚР СТ 3827-2023 стандартына сәйкес Қазақстан Республикасында өндірілген тауарларға "Қазақстанда жасалған" таңбалау айырым белгісін орнату;

электрондық сауда алаңдарында "Қазақстанда жасалған" деген таңбалау белгісі бар тауарлардың жеке бөлімін құру;

электрондық сауда алаңдарында тауарларды іздеу нәтижелерін шығару кезінде "Қазақстанда жасалған" айырым белгісі бар тауарларға басымдық беру";

22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"22. Бір ішкі сауда субъектісі үшін аффилирленген/онымен байланысты тұлғалардың/компаниялардың кредиті бойынша берешекті есептемегенде сомасы 500 (бес жүз) миллион теңгеден асатын кредиттер бойынша субсидиялау кезеңінде дивидендтер төлеуге тыйым салу бойынша талап қойылады. Осы тармақтың талаптары орындалмаған жағдайда субсидиялар төлеу тоқтатылады және ішкі сауда субъектісі төленген субсидиялар сомасын толық көлемде өтейді.";

24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"24. Субсидиялау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген базалық ставкадан аспайтын және 4 (төрт) пайыздық тармаққа ұлғайтылған номиналды сыйақы ставкасы бар кредиттер бойынша жүзеге асырылады.

Субсидиялау мөлшері номиналды мөлшерлеменің 40 %-ын құрайды, номиналды мөлшерлемеден айырманы ішкі сауда субъектісі төлейді, бұл ретте ішкі сауда субъектісі үшін мөлшерлеме кемінде 12,6 % болады. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген базалық мөлшерлеме 17 %-дан төмендеген жағдайда, ішкі сауда субъектісі төлейтін мөлшерлеме 12,6 % болып белгіленеді, ал айырманы қаржы агенттігі субсидиялайды.";

26-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"26. Банк ішкі сауда субъектісі үшін кредитке байланысты комиссияларды, алымдарды және (немесе) өзге де төлемдерді өндіріп алмау және белгілемеу міндеттемелерін қабылдайды, бұған:";

27-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"27. Қаржы агенттігі қолданыстағы кредитті субсидиялау туралы шешім қабылдаған жағдайда, банк ішкі сауда субъектісіне ағымдағы жылдың басынан бастап қаржы агенттігі ағымдағы жылы шешім қабылдаған күнге дейінгі кезеңде ұсталған комиссияларды, алымдарды және (немесе) өзге де төлемдерді өтейді.";

30-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"30. Банк жобаның қаржы-экономикалық тиімділігіне бағалау жүргізеді және кредит беру немесе кредит бойынша сыйақы ставкасын осы Қағидаларда белгіленген мөлшерге дейін төмендету туралы оң шешім қабылданған жағдайда 3 (үш) жұмыс күні ішінде қаржы агенттігін хабардар ете отырып, ішкі сауда субъектісіне жазбаша жауап жібереді.";

31-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) дара кәсіпкерлер үшін - жеке кәсіпкер ретінде қызметін бастау туралы хабарламаны тіркеу туралы талон, порталда электрондық түрде [elicense.kz](http://elicense.kz) "Жеке кабинет" - "Өтініштер және алынған қызметтер тарихы" - "Хабарламалар" - "МО-ға қабылдау" - "Талон" қосымша бетінде, заңды тұлғалар үшін - заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), филиалды есептік тіркеу туралы анықтама Порталда электрондық түрде [egov.kz](http://egov.kz) "Қызметтер" - "Бизнесті тіркеу және тарату" - "Заңды

тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), филиалды (өкілдікті) есептік тіркеу туралы анықтама беру" қосымша бетінде";

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) банктің оң шешімі (банктің шешімі хаттамасынан үзінді көшірме);";

мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) жобаның және ішкі сауда субъектісінің осы Қағидалардың шарттарына сәйкестігін растайтын құжаттар.";

екінші бөлікпен мынадай мазмұнда толықтырылсын:

"Қаржы агенттігі жобаның күрделілігі немесе ұсынылған ақпаратта анықталған сәйкессіздіктер қосымша тексеруді талап еткен жағдайларда, жоба туралы деректерді растау үшін қажетті қосымша құжаттарды сұратады. Сұратылатын құжаттардың тізбесі негізделген болуға және жазбаша түрде ресімделуге тиіс.";

3-параграфтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-параграф. Ішкі сауда субъектісінің қаржы агенттігінің жүйесі арқылы субсидиялауға электрондық өтінім беруі";

38-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"38. Кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялауға өтінім беру осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қаржы агенттігінің жүйесі арқылы электрондық түрде жүзеге асырылады, оған мыналар қоса беріледі:

1) ішкі сауда субъектісінің жобасын іске асырудың бизнес-жоспары не жоба бойынша сараптамалық қорытынды (банктің тиісті қызметкерінің техникалық-экономикалық қорытындысы/экономикалық қорытындысы, осы құжаттар болмаған жағдайда жобаның мәнін ашатын құжаттар), сондай-ақ жобаның тиімділігін орындау жөніндегі кезеңдер. Ішкі сауда субъектісі жобасының бизнес-жоспары саланың, кіші саланың атауын, негізгі қызмет түрін (ЭҚЖЖ кодын көрсете отырып) қамтиды;

2) банктің осы Қағидалардың шеңберінде қатысуға мүмкіндік беретін шарттарда ішкі сауда субъектісінің кредиті бойынша кредит беру немесе сыйақы ставкасын төмендету мүмкіндігі туралы оң шешімі бар хатының сканерленген көшірмесі.

Қаржы агенттігінің жүйесі бірінші деңгейдегі жүйеге ішкі сауда субъектісінің базалық талаптарға сәйкестігін тексеру туралы сұрау салу жібереді.

Ішкі сауда субъектісінің өтінімі бірінші деңгейдегі жүйеден ішкі сауда субъектісінің базалық талаптарға сәйкестігі туралы хабарлама алған кезде қаржы агенттігінің жүйесінде одан әрі өңделуге және төленуге жатады.

Өтінімде көрсетілген мәліметтер және өтінімді өңдеу мәртебелері қаржы агенттігінің жүйесімен бірінші деңгейдегі жүйеге берілуге жатады.

Қаржы агенттігінің жүйесі ішкі сауда субъектісінен заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға, сондай-ақ тіркеушінің дербес деректерді

жинауына, өңдеуіне, сақтауына, жүктеуіне және пайдалануына келісім алуды қамтамасыз етеді.";

39 және 40-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"39. Заңды тұлғаны, дара кәсіпкерді, кәсіпкерлік субъектісінің санатын мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы, бюджетке төленетін міндетті төлемдер бойынша берешектің жоқ екендігі туралы мәліметтер "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелер арқылы автоматты түрде айқындалады.

40. Ішкі сауда субъектісі құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда және (немесе) бірінші деңгейдегі жүйе ішкі сауда субъектісінің базалық талаптарға сәйкес еместігін анықтаған жағдайда, қаржы агенттігінің жүйесі оның өтінімін тіркеуден бас тартады.";

41-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"41. Ішкі сауда субъектісінің электрондық өтінімі қаржы агенттігінің жүйесі арқылы мақұлданған жағдайда мынадай іс-қимылдар жүзеге асырылады:";

43-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"43. Ішкі сауда субъектісі және (немесе) ұсынылған материалдар осы Қағидалардың шарттарына сәйкес келмеген, сондай-ақ бірінші деңгейдегі жүйе ішкі сауда субъектісінің базалық талаптарға сәйкес еместігін анықтаған жағдайда, қаржы агенттігі 3 (үш) жұмыс күні ішінде дәлелді бас тарту жібереді.";

47-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"47. Қаржы агенттігі қаржы агенттігінің жүйесі арқылы тиісті хаты бар хаттамадан үзінді көшірмені жүктейді және ішкі сауда субъектісіне ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында "жеке кабинетіне" жібереді. Бір мезгілде қаржы агенттігі хаттамадан үзінді көшірмені ілеспе хатпен бірге банкке жібереді.";

53 және 54-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"53. Егер банк осы Қағидалардың 51-тармағының 1) тармақшасында белгіленген мерзімде субсидиялау шартын уақтылы жасамаған жағдайда, банк қаржы агенттігін кідіру себептерін түсіндіре отырып, ресми хатпен хабардар етеді.

54. Егер банктік қарыз шартының және (немесе) субсидиялау шартының талаптары қаржы агенттігінің уәкілетті органының шешіміне, осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, Қаржы агенттігі субсидиялау шартына қол қоймайды. Бұл ретте қаржы агенттігі 1 (бір) жұмыс күні ішінде бұл туралы банкті және ішкі сауда субъектісін хабардар етеді.";

64-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"64. Банк қаржы агенттігінің хабарламасы негізінде қаржы агенттігінің ағымдағы шотынан ішкі сауда субъектілерінің жобалары бойынша субсидиялар сомасын есептен шығаруды жүзеге асырады. Банк шоттардағы қаражаттың жалпы ағымдағы қалдықтарынан есептен шығармайды.";

66-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"66. Ішкі сауда субъектісінің кредит бойынша төлемді толық төлеуді жүргізу дерегі бойынша (негізгі борыш және сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланбайтын бөлігі) банк Қаржы агенттігінің ағымдағы шотынан ішкі сауда субъектісінің кредиті бойынша сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын бөлігін өтеу есебіне ақшаны есептен шығаруды жүзеге асырады:";

68-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"68. Банк ішкі сауда субъектісі берешекті өтегенге дейін сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын бөлігін өтеу үшін қаржы агенттігінің ағымдағы шотынан қаражатты есептен шығаруды жүргізбейді және ішкі сауда субъектісі банк алдындағы төлемдерді төлеу бойынша міндеттемелерді қатарынан 3 (үш) ай бойы орындамаған жағдайда, бұл туралы қаржы агенттігін 2 (екі) жұмыс күні ішінде тиісті хатпен хабардар етеді.";

75-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"75. Банк ішкі сауда субъектісінің қайтыс болғаны туралы мәліметтерді 2 (екі) жұмыс күні ішінде алған жағдайда, банк қаржы агенттігіне тиісті хабарлама жібереді, ол мұрагердің (мұрагерлердің) мұрагерлік құқығына енген сәтке дейін субсидиялауды уақытша тоқтата тұру туралы ақпаратты қаржы агенттігінің уәкілетті органының қарауына шығарады. Мұрагер (-лер) мұрагерлік құқығына енген жағдайда, субсидиялауды қалпына келтіру туралы мәселе қаржы агенттігінің уәкілетті органының қарауына шығарылады.";

79-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Субсидиялауды тоқтату немесе қалпына келтіру қаржы агенттігі субсидиялауды тоқтата тұрған күннен бастап жүзеге асырылады, бұл ретте кредитті мақсатсыз пайдаланған кезде субсидиялау кредиттік қаражатты мақсатсыз пайдалану сомасына барабар тоқтатылады. Кредиттің нысаналы пайдаланылуын растайтын қалған бөлігі бойынша және ішкі сауда субъектісі нысаналы пайдаланылмаған мөлшерге барабар төленген субсидиялар сомасын қайтарған жағдайда, субсидиялау төлемдер кестесіне сәйкес жалғастырылады. Кредиттің толық мақсатсыз пайдаланылуы немесе ішкі сауда субъектісінің жобасы (немесе) осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келмеуі анықталған жағдайда, субсидиялау мерзімі басталған күннен бастап төленген субсидиялар сомасын толық қайтара отырып, субсидиялау тоқтатылады.";

83-тармақтың үшінші бөлігінің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) банк алдындағы банктік қарыз шарты бойынша ішкі сауда субъектісі кредитті толық өтеген (кәсіпкердің кредитті толық өтеген күні субсидиялауды тоқтату күні болып есептеледі);";

84-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"84. Ішкі сауда субъектісіне төленген субсидиялар сомасы субсидиялар төлеу жөніндегі қаражатты одан әрі пайдалану үшін қаржы агенттігіне қайтарылуға жатады.";

92-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қаржы агенттігі шешім қабылдаған күннен бастап 2 (екі) қаржы жылынан кейін төленетін салықтарды (корпоративтік табыс салығы/жеке табыс салығы) міндетті түрде 15% ұлғайтуды көздейтін жобалар жобалар деп түсініледі.";

94-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қаржы агенттігі алынған қаражатты қаржы жылы аяқталғаннан кейін әртүрлі қаржы құралдарына орналастырады. Қаржы жылы аяқталғаннан кейін қаржы агенттігі 10 (оныншы) қаңтардан кешіктірмей уәкілетті органға нысаналы трансферттердің сомаларын игеру бойынша салыстырып тексеру актісін ұсынады. Уәкілетті орган салыстырып тексеру актісіне қол қойғаннан кейін қаржы агенттігі 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаражатты банкте ашылған өз шотына аударады.";

98-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Банк жобаны іріктегеннен кейін қаржы агенттігіне қол қою үшін кепілдік шартын ұсынады. Егер мәлімделген жоба осы Қағидалардың және жасалған негіздемелік келісімнің талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, қаржы агенттігінің кепілдік шартына қол қоюдан бас тартуына жол беріледі.";

102-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"102. Ішкі сауда субъектілерінің жобалары облыстық маңызы бар қалаларда экономикалық қызметтің мынадай түрлеріне сәйкес:

ЭҚЖЖ 46.90.3 "Көтерме-азық-түлік орталықтарын қоса алғанда, сауда алаңы 2000 шаршы метрден астам (2000 шаршы метр және одан жоғары) сауда объектілерінде қандай да бір нақтылаусыз тауарлардың кең ассортиментін көтерме саудада сату";

ЭҚЖЖ 47.11 "Мамандандырылмаған дүкендерде көбінесе тамақ өнімдерін, сусындармен және темекі өнімдерін бөлшек сауда сату";

ЭҚЖЖ 47.19 "Мамандандырылған емес дүкендердегі өзге де бөлшек сауда";

ЭҚЖЖ 47.91.0 "Тауарларға пошта арқылы немесе Интернет желісі арқылы тапсырыс беру жолымен бөлшек сауда";

ЭҚЖЖ 68.20.3 "Меншікті немесе жалға алынған сауда нарығын жалдау (қосалқы жалдау) және басқару";

ЭҚЖЖ 68.20.4 "Сауда қызметіндегі меншікті сауда жылжымайтын мүлігін және көп функционалды кешендерді жалға алу және басқару", сауда-ойын-сауық орталықтарын қоспағанда";

ЭҚЖЖ 68.20.5 "Сауда-ойын-сауық орталықтарын қоспағанда, жалға алынған сауда жылжымайтын мүлігін және жалға алынған көп функционалды кешендерді жалға алу (қосалқы жалға алу) және басқару.

Сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау елді мекендерде, оның ішінде моно- және шағын қалаларда, ауылдық елді мекендерде жобаларды іске асыруға бағытталған кредиттер бойынша экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші шеңберінде жүзеге асырылады:

ЭҚЖЖ 46 "Автомобильдер мен мотоциклдер саудасын қоспағанда, көтерме сауда";

ЭҚЖЖ 47 "Автомобильдер мен мотоциклдерді сатудан басқа бөлшек сауда";

ЭҚЖЖ 68.20.3 "Меншікті немесе жалға алынған сауда нарығын жалдау (қосалқы жалдау) және басқару";

ЭҚЖЖ 68.20.4 "Сауда-ойын-сауық орталықтарын қоспағанда, сауда қызметіндегі меншікті сауда жылжымайтын мүлігін және көп функционалды кешендерді жалға алу және басқару;

ЭҚЖЖ 68.20.5 "Сауда-ойын-сауық орталықтарын қоспағанда, жалға алынған сауда жылжымайтын мүлігін және жалға алынған көп функционалды кешендерді жалға алу (қосалқы жалдау) және басқару.

Субсидиялау құралы бойынша қаржы агенттігінің мақұлдауын алған ішкі сауда субъектілері үшін міндетті шарттар:

сауда алаңында және (немесе) сөрелік кеңістікте өткізу үшін жалпы сауда алаңының және (немесе) сөрелік кеңістіктің кемінде 30%-ын "Қазақстанда жасалған" ҚР СТ 3836 "Қазақстанда жасалған" таңбалау белгісі" Қазақстан Республикасының ұлттық стандарттарының талаптарына сәйкес "Қазақстанда жасалған" деген таңбасы бар отандық өндірістің азық-түлік емес тауарларын орналастыруды қамтамасыз ету. "Техникалық талаптар" және ҚР СТ 3837 "Қазақстанда жасалған" Таңбалау белгісін қолдану тәртібі". Жалпы ережелер";

қазақстандық тектегі азық-түлік және азық-түлік емес тауарларды орналастыру үшін алаң және (немесе) сөре кеңістігін бөлу қазақстандық өндірушінің немесе қазақстандық тектегі тауарларды өткізетін ішкі сауда субъектісінің өтінімі бойынша жүзеге асырылады.

Өтінімдер болмаған жағдайда, сауда желісін немесе ірі сауда объектілерін ұйымдастыру арқылы тауарларды сату жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ішкі сауда субъектілері сөре кеңістігін отандық өндіріс өнімімен басым түрде толтыруды қамтамасыз ету мақсатында, "Өнеркәсіптік саясат туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабының 41-2) тармақшасына сәйкес қазақстандық тауар өндірушілер тізілімін жүргізетін өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру саласындағы уәкілетті органға сұрау салу жіберуге және Тізілімді жүргізу қағидаларына сәйкес өтінімдер жіберуге міндетті.

Қазақстандық тектегі тауарларды өндірушілер немесе өнім берушілер тарапынан өтінімдер болмаған немесе саны жеткіліксіз болған жағдайда, қалған сауда алаңы және (немесе) сөре кеңістігі басқа тауарларды сату үшін пайдаланылады;

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 264 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11148) бекітілген Ішкі сауда қағидаларының (бұдан әрі – Ішкі сауда қағидалары) 49-тармағының 3) тармақшасында көзделген талапқа сәйкес Қазақстан Республикасының СТ 3836 "Қазақстанда жасалған". Техникалық талаптар" Таңба белгісі" ұлттық стандарттарының және ҚР СТ 3837 "Қазақстанда

жасалған" белгісін қолдану тәртібінің талаптарына сәйкес "Қазақстанда жасалған" таңбасы бар отандық өндірілген тамақ өнімдерін сауда алаңында және (немесе) жалпы сауда алаңының және (немесе) сөре кеңістігінің кемінде жиырма пайызын құрайтын сауда алаңында және (немесе) сөре кеңістігінде өткізу үшін қосымша орналастыруды қамтамасыз ету";

тізілімді жүргізу қағидаларына сәйкес Қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінде тұрған, тіркелу мерзімі 3 (үш) жылдан аспайтын кәсіпкерлік субъектілерінің тауарларын жазбаша өтінім бойынша 3 айдан бастап және одан жоғары кезеңге жеңілдікті шарттармен сауда алаңында және (немесе) сөре кеңістігінде өткізу үшін орналастыруды қамтамасыз ету;

объект аумағында азық-түлік тауарларын, оның ішінде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын өткізу;

ҚР СТ 3833 "Тауарлар мен қызметтерді сәйкестендіру және оларды кодификациялау тәртібі. Негізгі ережелер";

сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау шарты жасалғаннан кейін бір жыл ішінде сауда орындарын жалға алу құнын көтеруге шектеу қою (сауда алаңын жалға берушілер үшін).

Осы көлемде отандық өндірістің азық-түлік және азық-түлік емес тауарлары болмаған жағдайда қалған орындар және (немесе) сөрелік кеңістік ішкі сауда субъектісінің қалауы бойынша басқа тауарлармен толтырылады.

Сөре кеңістігінің үлесі Ішкі сауда қағидаларының 51-тармағында көзделген формула бойынша айқындалады.

Электрондық сауда саласындағы электрондық сауда алаңдары үшін міндетті шарттар:

"Қазақстанда жасалған" таңбалау белгісін қолдану тәртібі бойынша ҚР СТ 3827-2023 стандартына сәйкес Қазақстан Республикасында өндірілген тауарларға "Қазақстанда жасалған" таңбалау айырым белгісін орнату;

электрондық сауда алаңдарында "Қазақстанда жасалған" деген таңбалау белгісі бар тауарлардың жеке бөлімін құру;

электрондық сауда алаңдарында тауарларды іздеу нәтижелерін шығару кезінде "Қазақстанда жасалған" айырым белгісі бар тауарларға басымдық беру.";

103-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) кепілдік беру жүзеге асырылатын кредит бойынша сыйақының номиналды мөлшерлемесі ішкі сауда субъектісінің жобасы бойынша банк шешім қабылдаған күні 4 (төрт) пайыздық тармаққа ұлғайтылған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесінен аспайды.";

104-тармақтың бірінші бөлігінің 4) тармақшасының бірінші және екінші абзацтары мен екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"4) кепілдік беру жүзеге асырылатын кредит бойынша номиналды сыйақы ставкасы ішкі сауда субъектісінің жобасы бойынша банк шешім қабылдаған күні 4 (төрт) пайыздық тармақтардың ұлғайтылған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық ставкасынан аспайды.

Ішкі сауда субъектісі осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген өлшемшарттарына сәйкес келмеген жағдайда, осындай ішкі сауда субъектілерінің кредиттері бойынша осы Қағидалардың 103-тармағының шарттарында кепілдік беруге жол беріледі.";

109-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"109. Оң шешім қабылданған жағдайда банк банктің ішкі кредиттік саясатын іске асыратын уәкілетті орган шешім қабылдаған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде қаржы агенттігіне:

кепілдік сомасының есебімен кредит беру мүмкіндігі туралы оң шешімі бар хатты;  
осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес кепілдік беру туралы мәселені қарау үшін осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес өтініш-сауалнамамен бірге ішкі сауда субъектісінің жобасы бойынша банктің қаржы агенттігіне ұсынатын құжаттарының тізбесін ұсынады

Банк құжаттарды ұсынған сәтте қаржы агенттігіне салық берешегінің жоқ екендігі туралы өзекті анықтаманың болуы талап етіледі.";

114-тармақтың 3), 4) және 5) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"3) банк кепілдік шартына қол қояды, оған ішкі сауда субъектісінің қол қоюын қамтамасыз етеді және қол қойылған кепілдік шартын қаржы агенттігіне жібереді;

4) банк қаржы агенттігінен қол қойылған кепілдік шартын алғаннан кейін ішкі сауда субъектісіне кредит беруді жүзеге асырады;

5) кепілдік беру сомасы 500 (бес жүз) миллион теңгеден асатын кепілдік беру жобалары бойынша банк тоқсан сайынғы негізде қаржы агенттігінің сұратуына сәйкес тоқсанына бір реттен артық емес жобаның қаржылық мониторингін жүргізу үшін қажетті құжаттар топтамасын ұсынады.";

8-параграфтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"8-параграф. Ішкі сауда субъектісінің қаржы агенттігінің жүйесі арқылы кепілдік беруге өтінім беруі";

123-тармақта:

бірінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"123. Ішкі сауда субъектісі осы Қағидалар шеңберінде қаржы агенттігінің жүйесі арқылы жүгінген кезде қаржы агенттігіне электрондық нысанда мынадай құжаттарды:";

үшінші және төртінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

"Ішкі сауда субъектісі бойынша, оның ішінде заңды тұлғаны/дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама, қызмет түріне лицензия (егер қызмет түрі лицензияланатын болса) жөніндегі мәліметтерді және бюджетке төленетін міндетті төлемдер бойынша берешектің жоқ/бар екендігі туралы мәліметтерді қаржы

агенттігі "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден алады.

"Цифрлық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден деректерді алу техникалық мүмкін болмаған немесе деректер дұрыс болмаған жағдайларда қаржы агенттігі ішкі сауда субъектісінен құжаттарды сұратады.";

мынадай мазмұндағы 123-1-тармақпен толықтырылсын:

"123-1. Қаржы агенттігінің жүйесі бірінші деңгейдегі жүйеге ішкі сауда субъектісінің базалық талаптарға сәйкестігін тексеру туралы сұрау салу жібереді.

Ішкі сауда субъектісінің өтінімі бірінші деңгейдегі жүйеден ішкі сауда субъектісінің базалық талаптарға сәйкестігі туралы хабарлама алған кезде қаржы агенттігінің жүйесінде одан әрі өңделуге және төленуге жатады.

Өтінімде көрсетілген мәліметтер және өтінімді өңдеу мәртебелері қаржы агенттігінің жүйесімен бірінші деңгейдегі жүйеге берілуге жатады.

Қаржы агенттігінің жүйесі ішкі сауда субъектісінен заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға, сондай-ақ тіркеушінің дербес деректерді жинауына, өңдеуіне, сақтауына, жүктеуіне және пайдалануына келісім алуды қамтамасыз етеді.";

124-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"124. Банк осы Қағидалардың 123-тармағында көрсетілген құжаттар пакетін қаржы агенттігіне ұсынбаған, сондай-ақ бірінші деңгейдегі жүйе ішкі сауда субъектісінің базалық талаптарға сәйкес еместігін анықтаған жағдайда, қаржы агенттігі ішкі сауда субъектісінен қаржы агенттігінің жүйесі арқылы өтінім алған кезден бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде ішкі сауда субъектісіне кепілдік беру туралы мәселені қараудан бас тартады.";

126-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"126. Мемлекеттік қолдау шарасын пайдалануға мониторинг екі деңгейлі жүйеде жүзеге асырылады, оған мыналар кіреді:

бірінші деңгей – осы Қағидалардың 2-тармағының 5-1) тармақшасында көзделген бірінші деңгейдегі жүйе;

екінші деңгей – осы Қағидалардың 2-тармағының 18-1) тармақшасында көзделген қаржы агенттігінің жүйесі.";

127, 128, 129, 130, 131, 132 133, 134, 135, 136 және 137-тармақтар мынадай мазмұнда толықтырылсын:

"127. Екінші деңгейдегі жүйеде Қаржы агенттігінің функцияларына мыналар жатады:

1) банк ұсынатын деректер мен құжаттар негізінде субсидиялау/кепілдік беру шарты жасалған ішкі сауда субъектісінің жана кредит мақсатына сәйкес пайдаланылуы;

2) банк ұсынатын деректер негізінде ішкі сауда субъектісінің төлем тәртібі (кепілдік беру жобалары бойынша);

3) жобаның және (немесе) ішкі сауда субъектісінің осы Қағидалардың талаптарына және (немесе) қаржы агенттігінің/банкнің шешіміне сәйкестігі;

4) уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің өкілдерімен бірлесіп, жоба іске асырылғаннан кейін жарты жылда 1 (бір) рет қарсы міндеттемелердің орындалуы;

5) уәкілетті органның, соттың, құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдардың сұратуы бойынша.

128. Жобаны мониторингтеу жобаны жүзеге асыру орнына бармай жүзеге асырылады, тек айналым қаражатын толықтыруға бағытталған жобалар бойынша, осы тармақтың екінші бөлігін қоспағанда.

Инвестициялық мақсаттарға арналған жобалар бойынша Қаржы агенттігі жобаны жүзеге асыру орнына шығады (жобаның орындалғанын визуалды растау)/объектілерді/активті/жобаны жүзеге асыру орнын Қаржы агенттігінің мобильді қосымшасы арқылы тексереді, жобаның инвестициялық кезеңі аяқталғаннан кейін (контрагентпен жасалған келісімшарт/келісім-шарт бойынша шарттарды орындау мерзімі аяқталған соң), бірақ субсидиялау келісімшарты жасалған күннен бастап 1 (бір) жыл ішінде кешіктірілмей. Кейіннен жобаны жүзеге асыру орнына шығу мерзімдері осы Қағидалардың талаптарына сәйкес Қаржы агенттігімен берілген қосымша мерзімге сәйкес анықталады.

129. Субсидиялау жобаларын мониторингтеу Қағидалардың 11-қосымшасына сәйкес банк және (немесе) ішкі сауда субъектісі ұсынған құжаттар негізінде, Қаржы агенттігінің банкке жолдайтын жазбаша хабарламасы/сұрауы бойынша, мониторинг басталу күнінен кемінде 20 (жиырма) жұмыс күні бұрын жүзеге асырылады.

Ішкі сауда субъектісінің жобасы бойынша субсидиялауды тоқтата тұру, тоқтату және қайта бастау жүргізілген мониторинг нәтижесінде осы Қағидалардың 2-тарауының 5-параграфына сәйкес жүзеге асырылады.

130. Кепілдендіру жобалары бойынша жоспардан тыс мониторинг ішкі сауда субъектісі банк несиесі бойынша негізгі борыш сомасын 60 (алпыс) күн немесе одан да ұзақ мерзімде (немесе кепілдік келісімшартымен белгіленген басқа мерзімде) өтеуді орындамаған жағдайда немесе осы Қағидаларда көрсетілген басқа жағдайларда жүргізіледі.

Жоспардан тыс мониторингті жүргізу үшін банк кепілдендірілген жобалар бойынша мониторингті өткізуге қажетті құжаттар тізімін осы Қағидалардың 12-қосымшасына сәйкес ұсынады.

131. Қаржы агенттігі кредиттің мақсатсыз пайдаланылған фактілерін анықтаған жағдайда кепілдік сомасын мақсатсыз пайдаланылған кредит сомасына пропорционалды түрде азайту туралы шешім қабылдайды.

132. Банк ішкі сауда субъектісінің кепілдік беру жобасына мониторингті жүзеге асырады, ол жоба іске асырылу барысының ай сайынғы ағымдағы мониторингін қамтиды және есепті айдан кейінгі айдың 5 (бесінші) күнінен кешіктірмей осы

Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес кепілдік берілген жоба бойынша іске асырылу барысының ағымдағы мониторингі туралы есепті қаржы агенттігінің жүйесі арқылы қаржы агенттігіне электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қойылған түрде ұсынады.

133. Қаржы агенттігі инвестициялық жобаның тиімділік критерийлеріне сәйкестігін мониторингтейді, оған ішкі сауда субъектісі Қаржы агенттігінің шешімінен бастап 2 (екі) қаржылық жылдан кейін төленетін салықтардың (корпоративтік табыс салығы/ жеке табыс салығы) мөлшерін 10% арттыру көрсеткіштеріне жету көзделгенін тексеру кіреді.

134. Тиімділік критерийлерін мониторингтеу Қаржы агенттігі тарапынан бюджетті орындау жөніндегі орталық уәкілетті органнан алынған ақпарат негізінде жүргізіледі. Сондай-ақ, тиімділік критерийлерін мониторингтеу салық декларациялары және (немесе) банк пен (немесе) ішкі сауда субъектісі ұсынған бюджетпен есеп айырысу жағдайлары туралы жеке есеп шотынан алынған мәліметтер негізінде жүзеге асырылады.

135. Тиімділік критерийлерін мониторингтеу кредиттер Қаржы агенттігіне мониторинг жүргізу туралы хабарлама жолданған күні өтелген немесе субсидиялау/ кепілдендіру тоқтатылған жобалар бойынша жүргізілмейді.

136. Тиімділік критерийлерін есептеу кезінде есеп беру күні Қаржы агенттігінің шешімі шыққан күнге қарамастан келесі қаржылық жылдың басы болып табылады.

137. Ішкі сауда субъектісінің жобалары бойынша тиімділік критерийлері жобаның инвестициялық кезеңі аяқталғаннан кейін, яғни жеткізушімен жасалған келісімшарт/ келісім-шарт бойынша жұмыстар/қызметтер орындау мерзімі аяқталғаннан кейін 2 (екі) қаржылық жылдан соң расталады. Жобаның инвестициялық кезеңде болуы жағдайында, тиімділік критерийлерін растау үшін осындай жобаларға қосымша мерзім беруге болады, ол жеткізушімен жасалған келісімшарт/келісімшарт бойынша жұмыстар/ қызметтер орындау мерзімінің аяқталған күнінен бастап 1 (бір) қаржылық жылдан аспауы тиіс, Қаржы агенттігінің уәкілетті органы шешімі негізінде.";

аталған Қағидаларға 2, 3, 4-қосымшалар осы бұйрыққа 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес редакцияда жазылсын;

аталған Қағидаларға 5-қосымшада:

сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау Шартында:

1-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) банк – Қағидаларды іске асыру шеңберіндегі банк;"

14-тармақты мынадай тармақшалармен толықтырылсын 4-1), 4-2), 4-3), 4-4), 4-5), 4-6), 4-7), 4-8) және 4-9) мынандай мазмұндағы:

"4-1) сауда алаңында және (немесе) сөрелік кеңістікте өткізу үшін жалпы сауда алаңының және (немесе) сөрелік кеңістіктің кемінде 30% -ын "Қазақстанда жасалған" ҚР СТ 3836 "Қазақстанда жасалған" таңбалау белгісі" Қазақстан Республикасының ұлттық стандарттарының талаптарына сәйкес "Қазақстанда жасалған" деген таңбасы

бар отандық өндірістің азық-түлік емес тауарларын орналастыруды қамтамасыз ету. "Техникалық талаптар" және ҚР СТ 3837 "Қазақстанда жасалған" Таңбалау белгісін қолдану тәртібі". Жалпы ережелер;

4-2) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 264 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11148) бекітілген Ішкі сауда қағидаларының (бұдан әрі – Ішкі сауда қағидалары) 49-тармағының 3) тармақшасында көзделген талапқа сәйкес Қазақстан Республикасының СТ 3836 "Қазақстанда жасалған". Техникалық талаптар" Таңба белгісі" ұлттық стандарттарының және ҚР СТ 3837 "Қазақстанда жасалған" белгісін қолдану тәртібінің талаптарына сәйкес "Қазақстанда жасалған" таңбасы бар отандық өндірілген тамақ өнімдерін сауда алаңында және (немесе) жалпы сауда алаңының және (немесе) сөре кеңістігінің кемінде жиырма пайызын құрайтын сауда алаңында және (немесе) сөре кеңістігінде өткізу үшін қосымша орналастыруды қамтамасыз ету;

4-3) өтінімдер болмаған жағдайда сауда объектілерін ұйымдастыру арқылы тауарларды өткізуді жүзеге асыратын ішкі сауда субъектілері өтінімдерді қазақстандық тауар өндірушілердің тізілімін жүргізу қағидаларына сәйкес жіберуге міндетті (Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2025 жылғы 27 тамыздағы № 327 бұйрығымен бекітілген). Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 28 тамызда № 36717 болып тіркелді) сөре кеңістігін отандық өндіріс өнімдерімен басым толтыруды қамтамасыз ету мақсатында;

4-4) объектінің аумағында азық-түлік тауарларын, оның ішінде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын өткізу;

4-5) ҚР СТ 3833 "Тауарлар мен қызметтерді сәйкестендіру және оларды кодификациялау тәртібі. Негізгі ережелер". Осы көлемде отандық өндірістің азық-түлік және азық-түлік емес тауарлары болмаған жағдайда қалған орындар және (немесе) сөрелік кеңістік ішкі сауда субъектісінің қалауы бойынша басқа тауарлармен толтырылады;

4-6) электрондық сауда саласындағы электрондық сауда алаңдары үшін мыналар міндетті шарттар болып табылады:

"Қазақстанда жасалған" таңбалау белгісін қолдану тәртібі бойынша ҚР СТ 3827-2023 стандартына сәйкес Қазақстан Республикасында өндірілген тауарларға "Қазақстанда жасалған" ерекшелік таңбалау белгісін белгілеу;

электрондық сауда алаңдарында "Қазақстанда жасалған" деген таңбалау белгісі бар тауарлардың жеке бөлімін құру;

электрондық сауда алаңдарында тауарларды іздеу нәтижелерін шығару кезінде "Қазақстанда жасалған" айырым белгісі бар тауарларға басымдық беру;

4-7) ішкі сауда субъектісінің қаржы агенттігінің уәкілетті органы шешім қабылдаған күннен бастап 2 (екі) қаржы жылынан кейін бюджетке төленетін

